

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

“Қызмет көрстеу саласы” колледжі

Мамандық таңдау- ең жауапты іс

Орындаған:

Тексерген:

404-топ студенттері

Амержанова Н.Т

Мақсаты:

- ◎ **Білімділік** – оқушылардың білім шыңына талпынуда бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, ой бөлісу;
- ◎ **Дамытушылық** – жеке басының сапалық қасиеттерін арттырып, кәсіптік бағдар бере отырып, өзін өзі тану аумағын кеңейту,
- ◎ **Тәрбиелік** – оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу

Мамандық дегеніміз не?

- **Мамандық**- қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.
- **Профессия**- мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық таңдаудағы қиындықтар мен қателіктер:

1. Бірден жоғары біліктілікті мамандыққа бағыт беру;
2. Достарынан қалмау үшін мамандық таңдау
3. Мамандыққа бағыт-бағдар берушіге ауып кету;
4. Мектептегі пәннің мамандыққа сәйкес келуі;
5. Өзінің қабілетін, жеке қасиетін анықтай алмау, кемшіліктерін білу.

Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

- Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұлардың кез келген мамандықта қажеті болары сөзсіз!
- Мектептегі оқу пәндері – нақты мамандық емес екендігін есіңде сақта. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың саған сөзсіз ұнайтынын білдіре бермейді.
- Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
- Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- Саған қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Өйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
- «Жақсы адам» - бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жансақ қорытынды жасауға болмайды.
- Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
- Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
- Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
- Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
- Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алғанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.




Мамандық алғың келе ме,
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.





Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ халқы *"Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда"* деп бекер айтпаса керек.

"Мамандық" сөзі латынша "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" деген мағына береді. Ертеде Әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, Әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.



Мамандық таңдаудың формуласы:

- Қызығушылығы
- қабілеті
- бейімділігі
- Қалауы

Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын **25 млн** адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның **25 %**- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс.



Сондықтан:

Мына қабілеттерді дамыту керек



КОММУНИКАБЕЛЬДІ

ЭМОЦИОНАЛДЫ
ТҰРАҚТЫ

ТӘРТІПТІ

КӘСБИ МАМАН РЕТІНДЕ
БЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ



Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz



Жас мамандарға қойылатын талаптар:

- инициативті;

- жауапкершілігі мол;

- өз бетінше жұмыс істей алуы;

- және ең бастысы өзіне деген сеніммен мақсатына жете білуі



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

“Қызмет көрстеу саласы” колледжі

Назарларыңызға рахмет

**Орындаған:
Тексерген:**

**404-топ студенттері
Амержанова Н.Т**